

**Жарнамалық интерактивті ынталандыратын іс-шара –
«Kinder Joy» Интернет-акциясын өткізу
ҚАҒИДАЛАРЫ
(бұдан әрі «Қағидалар»)**

Алматы қ.

24 сәуір 2023 жыл

ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Егер өзгесі осы Қағидаларда тура ескертілмесе, оларда қолданылатын, бас әріппен жазылатын терминдер мен анықтамалар келесідей түсіндіріледі:

1. Акция ұйымдастырушысы және операторы:

- **Акция ұйымдастырушысы** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Акцияны өткізуді ұйымдастыратын заңды тұлға, атап айтқанда, **«Ферреро Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** (БСН 130140009072, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 192/2 үй, 5 қабат), бұдан әрі **«Ұйымдастырушы»** деп аталады.
- **Акция операторы** ҚР заңнамасына сәйкес құрылған, Ұйымдастырушымен Акцияны өткізуге шарт жасасқан, осындай шарт бойынша міндеттемелерін орындау кезінде осы Қағидаларға сәйкес, Акцияға қатысқаны үшін жүлделерді алуға құқылы тұлғаларды анықтау, сондай-ақ Жүлделерді Жүлдегерлерге тарату (жеткізу) мақсатында өз атынан, бірақ Ұйымдастырушы есебінен/тапсырмасы бойынша әрекет ететін заңды тұлға, атап айтқанда: **«FCBARTGROUP-ALMATY (ЭфСиБиАртГрупп-Алматы)» ЖШС**, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген және әрекет ететін заңды тұлға (БСН 181140027022) заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жаркент көш., 3, бұдан әрі **«Оператор»**.

2. Акция – «Kinder» тауар белгісі бар өнімге тұтынушылардың қызығушылығын тудыруға және сақтауға, оның сатылымдарын ынталандыруға, нарықта ілгерілетуге бағытталған жарнамалық ынталандыру іс-шарасы, Ұйымдастырушы осы Қағидалардың шарттарында өткізетін **«Kinder Joy» Промо-Акциясы**.

3. Қағидалар – осы Акция қағидалары.

4. Қатысушы – ҚР аумағында тұрақты тұруға құқығы бар (тұруға ықтиярхат), 18 (он сегіз) жасқа толған, Акцияны өткізген кезеңде ҚР аумағында тұрған, жұмысқа қабілетінен айырылмаған (шектелмеген) ҚР азаматы немесе шет ел азаматы.

5. Өнім (Өнімдер) - «Kinder Joy» ойыншығы бар кондитерлік өнімі: сүт пен какао негізінде жасалған екі қабатты паста, сондай-ақ ішінде сүтті кремді бар, үстіне какао жағылған вафли шарлары.

Қағидалардың мәтіні бойынша Өнімге жасалған сілтемелер анықтамада көрсетілген өнімнің өзін ғана білдіреді.

Өнімнің Акция өткізілетін кезеңдегі құны Өнімнің Акцияны өткізу мерзімінен тыс кездегі құнынан аспайды. Осылайша, Өнімді сатып ала отырып, Қатысушы Акцияны өткізумен байланысты ешқандай қосымша төлем төлемейді.

Акцияға қатысатын Өнімде Өнімнің Акцияға қатысатынын білдіретін қандай да бір қосымша стикерлер, жапсырмалар және кез келген өзге белгілер жоқ.

6. Жүлделер – Қағидалардың 6-бабында көрсетілген Жүлделер немесе Акцияның Ұйымдастырушысы бір жақты тәртіпте жоғарыда аталған жүлделер ауыстырыла алатын басқа Жүлделер.

7. Жүлдегерлер - Акцияға қатысу нәтижесінде Жүлделерге құқықтарды Қағидаларда белгіленген тәртіпте алған адамдар.

8. Сайт – Қағидалардың толық мәтінін қамтитын және өткізілетін Акцияның шарттарын іске асыру үшін қажетті функционалы бар <https://kinder.com/kz/ru/xp/joy-promo/> мекенжайы бойынша Интернет желісіндегі Акцияның веб-сайты.

9. Telegram-бот – бұл https://t.me/joy2023_bot мекенжайында орналасқан Телеграм мессенджеріндегі арнайы аккаунт, ол Қатысушыларға Акцияға қатысуға қажетті әрекеттерді оңай әрі жылдам жасауға мүмкіндік береді.

10. Чек – ҚР заңнамасының барлық талабына сай келетін, ақшалай есеп айырысу кезінде тіркеу және (немесе) деректерді жіберу (Фискалдық деректер операторының базасында) функциясы бар бақылау-кассалық машиналар берген, Қатысушының Өнімді сатып алу фактісін растайтын бақылау-кассалық чек.

Келесі чектер қате деп танылады, есепке алынбайды, тіркелмейді және Акцияға қатысу үшін танылмайды:

- жалған (жасанды, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, ҚР заңнамасының талаптарын бұза отырып берілген, Қағидалардың талаптарына сай келмейтін және т.б.);
- Акцияны өткізу кезеңінің басталу күнінен ерте тіркелген (**2023 жылғы 24 сәуірдегі сағат 00:01-ден ерте**);

- Конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау кезеңінің аяқталу күнінен кеш тіркелген **(2023 жылғы 21 мамырдағы сағат 23:59-дан кеш)**;
- бұның алдында тіркелген чектің деректері туралы ақпаратты қайталаған (қайта жүктеген) кезде уақыты бойынша ертерек жүзеге асырылған чек тіркеу сәйкес (жарамды) болып саналады;

- Өнім жоқ чектер;

чектің нөмірі немесе күні, Өнімдер атауы туралы ақпарат айтарлықтай бүлінген немесе жоқ болатын, жоғарыда көрсетілген ақпаратты сәйкестендіруге мүмкіндік бермейтін, зақымдалған чектер.

Қағидаларда кездесетін барлық терминді, анықтама мен түсінікті Ұйымдастырушы бекіткен және өзге дереккөздермен басқаша оқылған жағдайда олар Қағидаларда бекітілген мағынасында қолданылады.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1.** Акция – міндеті Өнімді жарнамалау, оған назар аударту, сондай-ақ нарықта ілгерілету және Өнімге қызығушылық тудыру/сақтау болып табылатын іс-шара. Акцияға қатысу қандай да бір ақшалай жарналарды енгізуді талап етпейді.
- 1.2.** **Акцияны өткізу аумағы** - Қазақстан Республикасы (ҚР).
- 1.3.** Акция Ұйымдастырушының қаражаты есебінен өткізіледі, пайда немесе басқа кіріс табу мақсаты жоқ және Қағидаларға сәйкес өткізіледі.

2. АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

- 2.1.** Акцияның жалпы мерзімі: 2023 ж. 24 сәуірден бастап, 2023 ж. 22 мамырға дейін (осы жерде және одан әрі – барлық күндерді қоса алғанда).
- 2.2.** Жүлдегерлерді анықтау мерзімдері:
Апта сайынғы ұтыс ойындарын өткізу күндері (барлығы 4 ұтыс ойын): **2023 ж. 1 мамыр, 2023 ж. 8 мамыр, 2023 ж. 15 мамыр, 2023 ж. 22 мамыр.**
Бас жүлденің ұтыс ойынын өткізу мерзімі **2023 ж. 24 мамыр.**
Апта сайынғы ұтыс ойындары, сондай-ақ Бас жүлденің ұтыс ойыны Қағидалардың 7-бабында көрсетілген қағидалар/алгоритм бойынша көрсетілген күндері, Астана уақыты бойынша 14:30-да өткізіледі.
- 2.3.** Акцияны өткізу мерзімдері өзгерген жағдайда Ұйымдастырушы мұндай ақпаратты Сайтта және Инстаграмда (kinder_kz_official) орналастырады
- 2.4.** Қағидалардың 2.2-тармағында көрсетілген Жұлделерді Жұлдегерлерге беру мерзімдері Оператор олардан кешіктірмей Жұлделерді жіберетін күндерді көздейді. Нақты мән-жайларды ескере отырып, Ұйымдастырушының және/немесе Акция Операторының қарауы бойынша Жұлделерді жіберу мерзімдері өзгертілуі мүмкін.

3. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 3.1.** Акцияға Қағидалардың талаптарына («Терминдер мен анықтамалар» қосымшасының 4-т.) сай келетін, Акцияға қатысуға арналған Қағидаларда көзделген барлық әрекеттерді тиісінше орындаған Қатысушылар қатысуы мүмкін.
- 3.2.** Акцияға Ұйымдастырушының және Акция Операторының, олардың үлестес тұлғаларының жұмыскерлері мен уәкілетті өкілдері, сондай-ақ осындай жұмыскерлер мен өкілдердің отбасы мүшелері, сонымен қатар Акцияның ұйымдастырылуына және/немесе өткізілуіне тікелей қатысы бар басқа да тұлғалардың жұмыскерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері қатыса алмайды.
- 3.3.** Акцияға қатыса отырып, Қағидаларда көзделген кез келген әрекетті жасаған Қатысушы сол арқылы Акция шарттарымен және Қағидалармен танысқанын және сөзсіз келісетінін, сондай-ақ Қатысушы Қағидалармен таныспағаны немесе оларды түсінбеуі, Акцияның шарттарын субъективті түрде түсінуі негізінде Ұйымдастырушыға/Операторға қандай да бір наразылықтарды білдіруге құқылы емес екенін растайды.
- 3.4.** Әрбір Қатысушының Акцияға қатысу мүмкіндіктері шектелмеген.
- 3.5.** Қатысушы Ұйымдастырушы мен Оператордан Қағидаларға сәйкес Акция туралы ақпарат алуды талап етуге құқылы.
- 3.6.** Акцияға қатысқысы келетін Қатысушылар Қағидаларда белгіленген мерзімде Акцияға қатысуға қажетті барлық әрекеттерді орындауға міндетті.
- 3.7.** Қатысушы Ұйымдастырушыдан/Оператордан Қағидаларға сәйкес заттай нысанда белгіленген Жұлденің (Жұлделердің) орнына кез келген Жұлденің ақшалай баламасын алуды талап етуге құқылы емес.
- 3.8.** Акцияны өткізу мақсатында Ұйымдастырушыға /Операторға Қатысушылар туралы ақпарат, соның ішінде Акция Қатысушыларының дербес деректері қажет. Акция Қатысушылары нақты және өзекті (анық) деректерді көрсетуге міндеттенеді. Акция Ұйымдастырушысы/Операторы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқасында, Акция Қатысушысынан алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Қатысушылар ерікті түрде берген кез

келген ақпаратты, соның ішінде дербес деректерді Ұйымдастырушы/Оператор, оның уәкілетті өкілдері және/немесе жарнамалық агенттіктер тек Акцияны өткізумен байланысты мақсаттарда, соның ішінде Ұйымдастырушының жарнамалық мақсаттарында пайдалана алады.

4. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Акцияға қатысу үшін:

4.1.1. Бір мезгілде Өнімнің екі бірлігін (бір чекте) сатып алу, чекті Telegram-бот арқылы немесе ресми Сайтта тіркеу қажет. Ресми Сайтқа кіру, онда тегін, атын, мекенжайын және телефон нөмірін (дербес деректер) енгізу арқылы авторландыру/тіркелу қажет. Тіркелген чектер Акция аяқталғанға дейін сақталуы тиіс және чектің болмауы Қатысушыны Жүлде алу мүмкіндігінен айырады.

4.1.2. Қағидалардың мәтінімен танысу және тиісті гиперсілтемелерге өту арқылы дербес деректерді жинаумен және өңдеумен келісу қажет және Акция мақсаттарында дербес деректерді жинау және өңдеу Қағидаларымен және шарттарымен келіскен жағдайда, сондай-ақ он сегіз жасқа толса, Сайтта авторландыру/тіркелу нысанының тиісті жолақтарына белгілер («құсбелгілер») қойып шығу керек, Телефон нөмірін Қатысушы тек Қатысушыны сәйкестендіру, Акция Жүлдегерінің мәртебесін алған кезде онымен байланыс орнату, сондай-ақ қолданылған жағдайда, Акцияның Жүлдесін жіберу мақсатында ұсынады.

4.1.3. Акцияның әрбір Қатысушысы Акцияға қатысу үшін достарының шексіз санын шақыра алады, бұл үшін Қатысушыға чекті тіркеген сайын ұсынылатын бірегей кодты жіберу керек. Бірегей код бойынша Акцияға қатысуға тіркелу Акция Қатысушысы үшін де, шақырылған адам үшін де тіркелген чектер санын +1 чекке көбейту мүмкіндігін береді.

4.2. Бас Жүлденің ұтысына қатысу үшін кем дегенде 5 (бес) чекті Қағидалардың 4.1.1. тармақшасының шарттарына сәйкес тіркеу немесе тіркелген чектердің жалпы саны кем дегенде 5 (бес) чекті құрауы үшін көбірек достарды шақыру қажет.

5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

5.1. Дербес деректер - Қағидалардың мақсатында тікелей немесе жанама түрде белгілі немесе анықталатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат,

5.2. Қағидаларда дербес деректерді жинау және өңдеу деп Акцияны өткізу мақсатында дербес деректерді алуды, жазуды, бір жүйеге келтіруді, жинақтауды, сақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді, бұғаттауды және жоюды қоса алғанда, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбастан дербес деректермен жасалатын кез келген іс-әрекет (операцияны) немесе іс-әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсіндіріледі.

5.3. Қағидалардың мақсатында дербес деректерді тарату деген шектеусіз адамдар санына дербес деректерді ашуға бағытталған әрекеттер, атап айтқанда: Акция Қатысушысының тегі аты, қаласы немесе басқа тұрғылықты мекенжайы, сондай-ақ Қағидаларда көрсетілген және/немесе ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда Жүлде туралы мәліметті ашық жариялауды білдіреді.

5.4. Қағидалардың осы 5-бөліміндегі Қатысушылар деп Қағидаларға сәйкес, ол Қағидаларда белгіленгендей Қатысушы мәртебесін алуына қарамастан, Акцияға қатысу мақсатында Ұйымдастырушыға (Операторға) дербес деректерін ұсынған барлық адамдарды түсіндіріледі.

5.5. Акцияға қатысу туралы шешім қабылдап және Акция Қағидаларында көзделген барлық әрекетті орындап, **Қатысушы сол арқылы Ұйымдастырушыға, оның өкілдеріне (Ұйымдастырушы Акцияны өткізуге тартатын Оператор және басқа тұлғалар, бұдан әрі бірлесіп «басқа серіктестер» деп аталады) өздеріне ұсынылған кез келген ақпаратты, соның ішінде дербес деректерді ерікті түрде беруге өз келісімін растайды және Ұйымдастырушы (Оператор, басқа серіктестер) Қағидаларға сәйкес міндеттемелерін орындау мақсатында Ұйымдастырушының өңдеуіне, сақтауына және таратуына өз келісімін береді, атап айтқанда:**

- Қатысушылардың және Акцияның Жүлдегерлерін анықтау;
- Жүлдегерлерге Акцияның Жүлделерін беру (жіберу);
- Қатысушының қосымша келісімін алмай және бұл үшін қандай да бір сыйақы төлемей салық агентінің міндеттерін орындау.

5.6. Қатысушылар Акция мақсаттары үшін ұсынатын дербес деректер Ұйымдастырушыға (Операторға, басқа серіктестерге) Акция мақсаттарына жетуге қажет дербес деректерге қатысты кез келген әрекеттерді, соның ішінде (шектелместен): дербес деректерді шет мемлекеттер (дербес деректерді автоматты түрде өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы Еуропа Кеңесі конвенциясының тараптары болатын, дербес деректер

субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз ететін және дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз етпейтін басқа шет мемлекеттер) аумағында жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, тарату, бұғаттау, жою, шекара асырып беру, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, дербес деректермен кез келген басқа іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін жіберілетінін түсінеді және оған келіседі. Қатысушылар Акцияға қатысу үшін өздері көрсеткен немесе басқа жолмен ұсынған дербес деректерді Ұйымдастырушы (Оператор, басқа серіктестер) Акцияны өткізу мақсатында барлық қажетті тәсілмен өңдейтінін түсінеді және келіседі.

5.7. Дербес деректерді өңдеуді 2013 ж. 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңында (бұдан әрі «Дербес деректер туралы» Заң) қарастырылған талаптарды сақтай отырып, Акция Ұйымдастырушысы, Операторы және өзге де серіктестер жүзеге асыратын болады.

5.8. Ұйымдастырушыға (Операторға) дербес деректерді ерікті түрде беріп, Қатысушылар «Дербес деректер туралы» Заңда көзделген кез келген тәсілмен дербес деректерді жинауға және өңдеуге және Акцияны өткізу мақсаттары үшін Ұйымдастырушының, Оператордың, басқа серіктестердің мұндай деректерді таратуына өз келісімін растайды.

5.9. Ұйымдастырушы, Оператор және басқа серіктестер дербес деректерді рұқсатсыз алудан қорғайтын қажетті шараларды қолдануға кепілдік береді. Ұйымдастырушы, Оператор және басқа серіктестер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және Қағидаларда көрсетілген кепілдіктерді сақтай отырып, Қатысушылардың Акцияға қатысу мақсатында мәлімдеген барлық дербес деректерін сақтайды және өңдейді.

5.10. Ұйымдастырушы, Оператор және басқа серіктестер келесі қағидаларды сақтауға міндеттенеді және Қатысушыларға дербес деректерді жинауға және өңдеуге қатысты төмендегі кепілдіктерді ұсынады:

- дербес деректерді қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық қолданыстағы талабын сақтай отырып, соның ішінде «Дербес деректер туралы» Заңда белгіленген қағидаларды, талаптарды, дербес деректер операторының міндеттемелерін сақтай отырып, дербес деректердің жиналуын және өңделуін қамтамасыз ету;
- дербес деректерді тек Акцияны өткізуге қажетті көлемде және мақсатта өңдеу. Дербес деректер субъектілерін қандай да бір өнімдер мен қызметтер туралы хабардар ету мақсатында, сондай-ақ кез келген басқа мақсаттарда дербес деректерді пайдалануға және басқа да өңдеу түрлеріне жол берілмейді;
- Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дерекқорларды пайдалана отырып, соның ішінде Интернет желісі арқылы Акция Қатысушылары ұсынатын дербес деректерді жинауды қамтамасыз ету және жинау. Акцияны өткізу мақсатында Қатысушылар ұсынған дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде Ұйымдастырушы, Оператор және/немесе басқа серіктестер пайдаланған Қатысушылардың дербес деректерін қамтитын дерекқорлар бар серверлер Қазақстан Республикасының аумағында, атап айтқанда:
- Ұйымдастырушының қызметкерлері сақтайтын деректер сервері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Мақатаев көш., 117, «Lotos» бизнес-орталығы, А корпусы, 201-кеңсе. Осы арқылы Қатысушылар Акция мақсатында жиналатын және өңделетін дербес деректердің орналасқан жері туралы хабардар етілген болып есептеледі.
- Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Акцияға Қатысушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау мақсатында Акцияға Қатысушылардың дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруі немесе басқалай ашуы тиіс болған жағдайда, аталмыш әрекеттерді «Дербес деректер туралы» Заңның талаптарын сақтай отырып жүзеге асыру;
- дербес деректерді ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес жинау және өңдеу кезінде оларды қорғау, қауіпсіздігі мен құпиялығын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікте болу.

5.11. Дербес деректерді өңдеуге берген келісімді Қатысушылар Акцияның бүкіл өткізілу мерзіміне және ол аяқталғаннан кейін 1 (бір) жылға береді. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін Акция барысында алынған дербес деректер Операторда (Ұйымдастырушыда) сақталмайды және таратылмайды.

5.12. Қатысушы кез келген уақытта Ұйымдастырушыға/Операторға алынғаны расталатын хабарламасы бар тапсырыс хатпен тиісті хабарламаны жіберу арқылы немесе Ұйымдастырушының/Оператордың осындай кері қайтарып алуды алғанына кепілдік беретін кез келген басқа жолмен дербес деректерді өңдеуге келісімін қайтарып алуға құқылы. Ұйымдастырушы дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алуды дұрыс өңдеуі үшін мұндай қайтарып алуда кем дегенде субъектінің e-mail және Қатысушының анық сәйкестендіру үшін Акцияның атауы/Сайттың мекенжайы болуы керек. Әйтпесе, Ұйымдастырушы дербес деректерді өңдеуге берілген келісімнің қай сайтта

және/немесе қандай белсенділік барысында берілгенін нақтылау мақсатында дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді қайтарып алатын субъектімен байланысқа шығуы мүмкін.

- 5.13.** Акцияны өткізу кезеңінде Қатысушының дербес деректерді өңдеуге берген келісін қайтарып алуы тиісті Қатысушыны Акцияға қатысудан шығарады және Акцияның Жүлдесін алу мүмкіндігінен айырады. Жүлдені бұрын Қатысушы талап еткен болса, Ұйымдастырушы Қағидалардың негізінде анықталатын Жүлденің ақшалай баламасын кері қайтаруды талап етуге құқылы. Дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алу туралы хабарламаны алғаннан кейін, Ұйымдастырушы оларды өңдеуді тоқтатуға және Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаның осындай өңдеуді тоқтатуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ дербес деректерді өңдеу мақсаттарында дербес деректерді сақтау алдағы уақытта қажет болмайтын болса, осы кері қайтару келіп түскен күннен бастап 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде дербес деректерді жоюға немесе олардың жойылуын қамтамасыз етуге (егер дербес деректерді Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін басқа тұлға өңдесе) міндетті.
- 5.14.** Оператор Акцияның жалпы мерзімі ішінде жоғарыда көрсетілген кепілдіктерді бұзған Қатысушылардың Акцияға қатысудан кез келген уақытта шеттету құқығын өзіне қалдырады.
- 5.15.** Қатысушының өзекті емес (дәйекті емес) және (немесе) дәл емес (дұрыс емес) деректерді беруі Акция Ұйымдастырушысын Жүлдені ұсыну бойынша міндетінен босатады және автоматты түрде мұндай Қатысушыны Акцияға қатысудан шығарады.

6. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

- 6.1.** Жүлде қорының жалпы құны - 2 572 756 (екі миллион бес жүз жетпіс екі мың жеті жүз елу алты) теңге.

Акцияның апта сайынғы жүлде қоры аптасына 15 (он бес) жүлдеден 60 (алпыс) жүлдені құрайды. Акция кезеңінде Апта сайынғы жүлделер ретінде мыналар ойнатылады:

- Alias үстел ойыны – 12 дана;
- LEGO – 12 дана;
- 10 кадрға арналған 11 картриджі бар Instax Mini - 12 дана;
- Яндекс Станция Лайт – 12 дана;
- «Меломан» (бұдан әрі «Меломан») сауда желісінің дүкендерінде өнімді сатып алуға арналған 10 000 (Он мың теңге) атаулы құны бар сертификаттар - 12 дана.

Бас жүлде - 2 джойстикі бар PlayStation 5.

- 6.2.** Акцияның жүлде қоры Акция Ұйымдастырушысының меншікті қаражаты есебінен құралады және Жүлдегерлерге жүлделерді беру үшін ғана қолданылады.
- 6.3.** Ұйымдастырушы Жүлделерді беру бойынша Жүлдегерлер алдындағы міндеттерінен басқа, Акцияның жүлде қорына қандай да бір міндеттермен ауыртпалық түсірмейді.
- 6.4.** Жүлделерді ішінара беруге болмайды.
- 6.5.** Қағидаларда заттай түрде анықталған Жүлде(-лер) құнының ақшалай баламасын төлеу, Жүлдені (Жүлделерді) Қатысушылардың/Жүлдегерлердің қалауына қарай басқасына ауыстыру Ұйымдастырушы тарапынан жүзеге асырылмайды.
- 6.6.** Ұйымдастырушы өзіне байланысты емес себептермен Жүлделерді өзгертуге, соның ішінде Акция Қағидаларына өзгертулер енгізу арқылы Жүлделердің санын, жиынтықтамасын, түрін және басқа сипаттамаларын өзгерту құқығын сақтап қалады.
- 6.7.** Акцияның жарнамалық материалдарында көрсетілген Жүлденің (Жүлделердің) сыртқы түрі Жүлдегерлерге ұсынылатын Жүлденің (Жүлделердің) сыртқы түрінен ерекшеленуі мүмкін.
- 6.8.** Қағидалардың 6.1-тармағында көрсетілген сертификатты қолдану шарттары Меломанның саясатына және қағидаларына, жария офферта шартына сәйкес анықталады және Жүлдегердің қалауы бойынша бір жақты тәртіп бойынша өзгертілуі мүмкін. Қатысушылар Акцияға қатысып, Меломан ұсынатын жария офферта шартының талаптарымен келіседі. Сертификаттарды қолдану / өткізу қағидалары мен қолдану шарттарына, сертификат бойынша алынған тауардың сапасына және кепілдіктеріне қатысты барлық және кез келген наразылықтарды Жүлдегерлер тікелей Меломанға ұсынуға міндетті.

7. ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 7.1.** Оператордың Акция Жүлдегерлерін анықтауы әр апта аяқталған соң Қағидаларда көрсетілген күндерде, ұтыс ойыны арқылы көрсетілген кезеңде Акцияға қатысқан барлық Қатысушылар арасында жүргізіледі.
- 7.2.** Әр апта аяқталған соң, Оператор Қағидаларда көрсетілген тәртіпте модерациядан өткен ID-өтінімдер тізілімін жасайды, ол <https://www.random.org> интернет-сайтында орналасқан арнайы бағдарламаға-кездейсоқ таңдау генераторына (рандомайзер) жүктеледі.

- 7.3. Рандомайзер кездейсоқ тәсілмен ұтқан, ал тиісті нөмірлер берілген Қатысушылар - Жүлдегерлер болып саналатын тізілімнен 15 (он бес) Қатысушыдан тұратын тізбені анықтайды.
- 7.4. Акцияның әр аптасында 15 Жүлде ойнатылады:
- Alias үстел ойыны – 3 дана;
 - LEGO – 3 дана;
 - 10 кадрға арналған 11 картриджи бар Instax Mini - 3 дана;
 - Яндекс Станция Лайт – 3 дана;
 - «Меломан» дүкендерінде өнімді сатып алуға арналған 10 000 (он мың теңге) атаулы құны бар сертификаттар - 3 дана.
- 7.5. Акцияның төртінші аптасында Қағидалардың 7.3-тармағына сәйкес Бас жүлденің иесі анықталады.
- 7.6. Жүлдегерлерге хабарлау Сайтта ақпаратты орналастыру, сондай-ақ олар тіркелген кезде көрсеткен электрондық поштаға жеке хабарлама жіберу арқылы жүргізіледі, сондай-ақ Қатысушылар Жүлдегерлер туралы ақпарат алу үшін **+7 747 557 63 12** ұялы телефон нөміріне хабарласа алады.
- 7.7. Ұйымдастырушы Акция мерзімі және Жүлделерді жіберу мерзімі аяқталғаннан кейін талап етілмеген жүлделерді өз қалауы бойынша иеленуге құқылы.

8. ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Акция ұйымдастырушысының құқықтары:

- 8.1.1. қандай да бір себеппен Жүлдені уақтылы алмаған Қатысушыға Жүлдені беруден бас тарту;
- 8.1.2. өз қалауы бойынша бір жақты тәртіпте Акцияға қатысуға барлық өтінімдерді жарамсыз деп тану, сондай-ақ қатысуға өтінімдер беру процесін боямалайтын немесе одан пайда табатын немесе Қағидаларды бұзып әрекет ететін кез келген адамға Акцияға одан әрі қатысуына тыйым салу;
- 8.1.3. жеке қалауы бойынша Акцияны өткізудің күшін жою, өзгерту немесе уақытша тоқтату.

8.2. Акцияның Ұйымдастырушысы Жүлдегерлерге Жүлделерді Оператор көмегімен беруге міндетті.

8.3. Акцияға Қатысушының құқықтары:

- 8.3.1. Акция Қағидаларымен танысу;
- 8.3.2. Қағидаларда белгіленген тәртіпте Акцияға қатысу;
- 8.3.3. Акция Жүлдегерінің мәртебесін алған жағдайда жүлдені беруді талап ету;
- 8.3.4. Сайтта Акция Қағидаларындағы өзгерістер туралы ақпаратты алу.

8.4. Қатысушы Жүлдегер болып танылса, Қатысушы міндеттері:

- 8.4.1. Қағидаларда белгіленген тәртіп бойынша Жүлдені алу немесе Жүлдені алудан жазбаша түрде бас тарту.
- 8.5. Ұйымдастырушы Акцияны өткізу мерзімі бойы кез келген уақытта бұл туралы Қағидаларда көзделген тәртіп бойынша Қатысушыларға хабарлап, өз қалауына қарай Жүлделердің тізбесін және құрамын өзгертуге құқылы.

9. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Жүлдені алу үшін Жүлдегер 2023 жылғы 5 маусымға дейін Операторға келесі құжаттар мен ақпаратты ұсынуы қажет:
индексі көрсетілген ҚР аумағындағы мекенжай;
жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
- 9.2. Жүлдегердің Жүлдені қабылдау-тапсыру актісін толтырудан және/немесе қол қоюдан бас тартуы және/немесе дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін бермеуі, демек толық емес/дәйекті емес ақпаратты көрсетуі және/немесе жүлдені алуға қажетті барлық ақпаратты ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған жағдайда, Жүлдегердің Жүлдеден бас тартуын білдіреді.
- 9.3. Жүлделер курьерлік қызметпен екі аптадан бастап бір жарым айға дейінгі мерзімде, Жүлдегерлер Операторға ұсынған мекенжайға табысталады (жіберіледі). Ұйымдастырушы мұндай мекенжайдың дұрыстығы, сондай-ақ оған үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруі үшін жауапты емес.
- 9.4. Талап етілмеген Жүлделердің барлығы, оларды өз қалауына қолдана алатын Ұйымдастырушы меншігінде қалады.

10. БАСҚА ШАРТТАР. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 10.1. Жүлделердің сапасына қатысты Ұйымдастырушының міндеттері Акция Жүлделері құрамында қызмет көрсететін өндірушілер/адамдар ұсынған кепілдіктермен шектелген. Ұйымдастырушы үшінші тұлғалардың жұмыс сапасы мен әрекеттері үшін жауапты емес.

- 10.2.** Ұйымдастырушының Қатысушыларға Жүлделерді беру (жіберу) бойынша міндеті Қағидаларда көрсетілген Жүлделердің санымен шектелген.
- 10.3.** Акция Қатысушысы Жүлдеден қандай да бір себеппен бас тартса, Ұйымдастырушы берілген Жүлделердің жалпы санын сәйкесінше азайту құқығын сақтап қалады.
- 10.4.** Ұйымдастырушы (Оператор) Қатысушының қате әрекеттерінің/әрекетсіздігінің қандай да бір салдары, соның ішінде (басқаларын есептемегенде) Қатысушыға келтірілген залалдар үшін жауап бермейді.
- 10.5.** Ұйымдастырушы (Оператор) және басқа серіктестер байланыс операторы желісінің немесе Қатысушының компьютері, телефоны немесе басқа құрылғысы қосылған интернет-провайдердің техникалық ақаулары; мұндай байланыс операторының әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауапты емес.
- 10.6.** Осы Қағидаларда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды және даулы жағдайларды қоспағанда, Ұйымдастырушы Қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе басқа байланыстар жасамау құқығын сақтап қалады.
- 10.7.** Акция шарттарында талап етілмейтін Жүлделерді сақтау және Жүлделерді алу мерзімдері өтіп кеткеннен кейін оларды талап ету мүмкіндігі көзделмеген. «Талап етілмеген» дегеніміз – Қатысушылар арасында таратылмаған жүлделер немесе Қатысушылар кез келген себеппен бас тартқан Жүлделер. Барлық талап етілмеген Жүлделерді Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша қолдана алады.
- 10.8.** Акцияны өткізу нәтижелері түпкілікті және қайта қаралмайды.
- 10.9.** Акцияға қатысты барлық даулы мәселелер қолданыстағы ҚР заңнамасы бойынша реттеледі. Осы Қағидалар Сайтта орналастыру жолымен жариялануы тиіс.
- 10.10.** Барлық Қатысушылар Акцияға қатысуға байланысты келтірілген барлық шығындарды (соның ішінде, бірақ онымен шектелместен, Интернет желісін қолданумен, Акция туралы кез келген ақпаратты алумен байланысты шығындар және т.б.) өздері төлейді.
- 10.11.** Қатысушы осы Қағидаларда көрсетілген міндеттерін бұзып, бұл Ұйымдастырушыда және/немесе Операторда залалдардың туындауына алып келген жағдайда, Акция Қатысушысы осындай залалдарды толық көлемде өтеуге міндетті.
- 10.12.** Ұйымдастырушы Қатысушының қате әрекеттерінің/әрекетсіздігінің қандай да бір салдары, соның ішінде (басқаларын есептемегенде) Қатысушыға келтірілген залалдар үшін жауап бермейді.
- 10.13.** Ұйымдастырушы және Оператор мыналар үшін жауапты емес:
- Қатысушылар Акцияға қатысумен байланысты міндеттерін орындамағаны / уақтылы орындамағаны үшін;
 - Қатысушыларды Қағидалармен және Меломан сертификаттарын қолдану шарттарымен және дүкеннің саясатына және қағидаларына сәйкес таныстырмағаны немесе оларды дұрыс емес түсіндіргені, сондай-ақ Акцияны өткізу нәтижелерімен таныстырмағаны үшін;
 - қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды және/немесе электрондық хабарларды алмағаны үшін, соның ішінде Интернет желісінде және/немесе Акцияны өткізген кезде қолданылатын байланыс арналарында техникалық мәселелер және/немесе алаяқтық нәтижесінде, пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кесірінен;
 - Қатысушылардан Жүлделерді алуға қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмағаны / уақтылы алмағаны үшін;
 - Қатысушылардан Акцияны өткізуге және Жүлделерді жіберуге қажетті толық емес байланыс және/немесе басқа мәліметтерді, дербес деректерді алғаны үшін;
 - Акцияға қатысуға және/немесе Жүлдені алуға байланысты Қатысушыға келтірілген кез келген шығындар және/немесе залалдар үшін;
 - форс-мажор туындаған жағдайда, соның ішінде төтенше жағдай режимін, карантинді және/немесе кез келген басқа шектеу шараларын, соның ішінде кез келген сипаттағы эпидемиялар мен пандемияларға байланысты шараларды енгізген жағдайда.
- 10.14.** Барлық Қатысушылар Акцияға қатысуға байланысты келтірілген барлық шығындарды (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Интернет желісін қолданумен, Акция туралы кез келген ақпаратты алумен байланысты шығындар және т.б.) өздері төлейді.
- 10.15.** Ұйымдастырушы және Оператор Жүлделерге құқығы туралы кез келген дауларға қатысты жауапкершілік көтермейді. Кез келген жағдайда Жүлделерді алуға қатысты түпкілікті шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды және мұндай шешімге шағым беруге болмайды.
- 10.16.** Ұйымдастырушы және Оператор ұялы телефон нөмірлерінің, электрондық мекенжайлардың қандай да бір адамға тиесілігі туралы даулар туындаған жағдайда дауласпайды. Барлық осыған ұқсас даулар Қатысушылар мен олардың оппоненттері арасында дербес түрде және өз есебінен шешіледі.
- 10.17.** Акцияны өткізу қорытындылары бойынша наразылықтарды Оператор Қағидаларда көрсетілген электрондық мекенжай бойынша, Акция аяқталған күннен кейін бес күнтізбелік күн ішінде қабылданады, көрсетілген мерзім аяқталған соң, наразылықтар

болмаса, Оператордың Акцияны өткізу және Жүлделерді беру бойынша барлық міндеттемелері толық көлемде орындалған және Қатысушылар оларды наразылықтарсыз қабылдаған болып саналады.

- 10.18.** Ұйымдастырушы да, Оператор да Жүлдегерлер ұсынған байланыс ақпаратының дұрыстығы үшін жауапкершілік көтермейді. Нақты мән-жайларды ескере отырып, Ұйымдастырушының және/ (немесе) Акция Операторының қарауы бойынша Жүлделерді жіберу мерзімдері өзгертілуі мүмкін.

11. АКЦИЯ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

- 11.1.** Акция Қатысушылары Акцияны өткізудің толық шарттарын Сайтта жалпыға бірдей қолжетімді етіп орналастыру арқылы оны өткізу шарттары мен мерзімдері туралы хабардар етіледі.
- 11.2.** Қағидалардың толық мәтіні Сайтта «Қағидалар» бөлімінде орналастырылуы тиіс.

12. АКЦИЯНЫ УАҚЫТША ТОҚТАТУ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ

- 12.1.** Акция Ұйымдастырушысы және Операторы Акцияны өткізу шарттарына өзгертулер енгізу құқығын сақтап қалады.
- 12.2.** Акция Қағидалары өзгертілген, сондай-ақ уақытша тоқтатылған немесе күші жойылған жағдайда, Оператор бұл туралы Сайтта тиісті хабарландыруды орналастыру арқылы Қатысушыларды хабардар етеді.
- 12.3.** Акцияны өткізуді уақытша тоқтатқан, Акцияны өткізуді мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, Акция Ұйымдастырушысы Акция Сайтында тиісті хабарламаны ашық жариялауға немесе басқа бұқаралық ақпарат құралы арқылы немесе басқа тәсілмен осындай уақытша тоқтату/тоқтату туралы көпшілікті хабардар етуге міндетті.
- 12.4.** Акция Ұйымдастырушысы Акцияның өткізілуін аяқтауға, соның ішінде Акцияның өткізілуі уақытша тоқтатылғанға немесе мерзімінен бұрын тоқтатылғанға дейін Акцияға қатысу үшін өтінім берген Қатысушыларға Акция Жүлделерін табыстауға/беруге және оларға қатысты өзге де қажетті іс-әрекеттерді орындауға міндетті.
- 12.5.** Акцияны өткізуді тоқтата тұру немесе мерзімінен бұрын тоқтату Акцияның Ұйымдастырушысын немесе оның тапсырмасы бойынша Операторды Жүлдегерлерге аяқталған ұтыс ойындары бойынша Акцияның Жүлделерін беру қажеттілігінен босатпайды.

13. САЛЫҚТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- 13.1.** Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Жүлделер төлем көзіне салық салынатын табыстарға жатады. Табыстың осы түрі (Ұтыс) бойынша ЖТС-ны (жеке табыс салығын) Қатысушыға - Жүлдегерлерге Жүлделердің тікелей берілуін қамтамасыз ететін салық агенті - Оператор есептейді және ұстайды.
- 13.2.** Қатысушы Жүлде түрінде табыс алады, салық агенті ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықты (жеке табыс салығын) төлейді.

14. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫМЕН БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛІ

Қатысушылардың Акция Операторына хабарласу тәсілі:

- телефон нөмірі бойынша ұялы байланыс: 8 747 557 63 12
- Қазақстандағы Kinder брендінің Инстаграмдағы ресми парақшасы: @kinder_kz_official.

ПРАВИЛА
проведения рекламного интерактивного стимулирующего мероприятия –
Интернет-Акции «Kinder Joy»
(далее – «Правила»)

г. Алматы

апреля 2023 года

24

ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ

Если иное прямо не оговорено настоящими Правилами, термины и определения с заглавной буквы, применяемые в них, будут иметь следующее толкование:

11. Организатор и Оператор Акции:

- **Организатором Акции** является юридическое лицо, созданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организующее проведение Акции, а именно, **Товарищество с ограниченной ответственностью «Ферреро Казахстан»** (БИН 130140009072, юридический адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Достык, д.192/2, 5 этаж), далее именуемое «**Организатор**».
- **Оператором Акции** является юридическое лицо, созданное в соответствии с законодательством РК, заключившее договор с Организатором на проведение Акции, действующее при выполнении обязательств по такому договору от своего имени, но за счёт и по поручению/заданию Организатора с целью выявления лиц, имеющих право на получение призов за участие в Акции согласно Правилам, а также рассылки (доставки) Призов Призерам, а именно: **ТОО «FCBARTGROUP-ALMATY (ЭфСиБиАртГрупп-Алматы)»**, юридическое лицо, зарегистрированное и действующее в соответствии с законодательством Республики Казахстан (БИН 181140027022) юридический адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Джаркентская, 3, далее – «**Оператор**».

12. Акция – Промо-Акция «Kinder Joy», представляющая собой рекламное стимулирующее мероприятие, направленное на формирование и поддержание интереса потребителей к продукции с товарным знаком «Kinder», стимулирование её продаж, продвижение на рынке, проводимое Организатором на условиях Правил.

13. Правила – настоящие правила Акции.

14. Участник – гражданин РК или иностранный гражданин, имеющий право постоянного проживания на территории РК (вид на жительство), достигший 18 (восемнадцати) лет, проживающий на территории РК в период проведения Акции, не лишенный (не ограниченный) в дееспособности.

